

Қоршаған ортаға әсер мен оны қорғауға байланысты мониторинг бағдарламасын, жобалар мен шараларды жүргізу Ережесін бекіту туралы

Күші жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі 1999 жылғы 24 тамыз N 221-п. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2013 жылғы 16 шілдедегі № 211-Ө бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 16.07.2013 № 211-Ө бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылдың 22 қаңтарындағы " Қазақстан Республикасы үкіметінің құрылымы туралы" Жарлығын орындау, мемлекеттік тіркеу үшін нормативті құқықтық актілерге тиісті өзгерістер енгізу қажеттілігіне және 1998 жылдың 29 желтоқсанындағы N 204-П бұйрықты дамыту мақсатында бұйырамын:

1. Қосылымдағы қоршаған ортаға әсер мен оны қорғауға байланысты мониторинг бағдарламасын, жобалар мен шараларды жүргізу Ережесі бекітілсін және Әділет министрлігінде тіркеуден өткен күннен бастап іске қосылсын.

2. Тұрақты дамудың Ұлттық экологиялық орталығы (Есекин Б.К.), қоршаған ортаға әсер мен оны қорғауға байланысты мониторинг бағдарламасын, жобалар мен шараларды жүргізу Ережесін мемлекеттік тіркеуден өткізуге қажетті құжаттарды дайындап, белгіленген тәртіпте ҚР Әділет министрлігіне енгізсін.

3. Облыстық (қалалық) қоршаған ортаны қорғау басқармалары, қоршаған ортаға әсер мен оны қорғауға байланысты мониторинг бағдарламасын, жобалар мен шараларды автоматты жүргізу мақсатында электронды пошталар орнатылсын.

4. Бұл бұйрықтың орындалуын бақылау талдау және жоспарлау департаментінің директоры С.А.Ақылбековке жүктелсін.

М и н и с т р м і н д е т і н

атқарушы

*Іске, ТДҰЭҚ, талдау және жоспарлау департаментіне, "Казгеоинформ", облыстық (қалалық) қоршаған ортаны қорғау басқармаларына жіберілсін.

Тіркеу нөмірі _____

Б ұ й р ы қ п е н б е к і т і л г е н

Қ Р та б и ғ и р е с у р с т а р

және қоршаған ортаны қорғау

**Қоршаған ортаға әсерін тигізу және қорғаумен
байланысты бағдарламалар, жобалар мен шараларға
мониторинг жүргізу туралы
Ереже**

1. Жалпы бөлім

1. Қазақстан Республикасының - 2030 экологиялық блогін іс жүзіне асыру мақсатында ұзақ мерзімді дамуының стратегиясы және қоршаған ортаны қорғаудың әсері мен байланысының біртұтас мониторинг бағдарламасын, жобаларын және шараларын енгізу негізінде дайындалған нақты Ереже (одан әрі - бағдарламалар, жобалар, шаралар).

2. Мониторингке жататын бағдарламалар, жобалар мен шаралар және жеке меншік түрінде емес және қаржыландыруға көзі бар Қазақстан Республикасының министрліктері, ведомстволары, жергілікті атқару органдары, мекемелері, ұйымдары, кәсіпорындары әзірлеп және іс жүзіне асырады.

2. Мониторингтің мақсаты мен міндеттері

3. Мониторинг бағдарламалардың, жобалардың және шаралардың мақсаты Қазақстан Республикасының - 2030 экологиялық блогінің ұзақ мерзімді дамуының стратегиясын орындау үшін министрліктердің ведомстволардың, жергілікті атқару органдарының мекемелердің ұйымдардың және кәсіпорындардың іс-қимылын үйлестіруді қамтамасыз ету болып табылады және табиғат қорғаудағы жүргізілген жұмыстардың қоршаған ортаға ықпалын бағалау.

4. Мониторинг бағдарламалардың, жобалардың және шаралардың міндеттері мыналар болып табылады:

1) бағдарламалар, жобалар және шаралар бойынша өткізілген жұмыстарды үйлестіру, олардың әзірленуі мен іс жүзіне асуына бақылау жасау;

2) бағдарламаларға, жобаларға және шараларға баға беру мен талдау жасау, олардың тиімділігін көтеруге ұсыныстар дайындау;

3) мониторинг бойынша банктерге мәліметтерді ұйымдастыру; мониторингке

қатысушыларға ақпарат пен әдістемелікті қамтамасыз ету және көпшілік үшін олардың тиімділігіне өзара іс-қимыл жасау.

3. Мониторингті жүргізу

5. Бекітілген "Табиғат қорғау шараларын және жобаларын инвестициялық жөніндегі" N ИПМ мемлекеттік статистикалық есеп нысанына сәйкес бағдарламаларды, жобаларды, және шараларды әзірлеп жүзеге асыратын министрліктер, ведомстволар, жергілікті атқарушы органдар, мекемелер, ұйымдар және кәсіпорындар Қазақстан Республикасы табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне белгіленген мерзімде жоспарланған және жүзеге асырылудағы бағдарламалар, жобалар және шаралар туралы ақпаратты б е р і п о т ы р а д ы .

6. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Тұрақты дамудың ұлттық экология орталығы алған мәліметтер н е г і з і н д е :

1) Қазақстан Республикасының - 2030 экологиялық блогінің ұзақ мерзімді даму стратегиясының басымдылығы және мақсаттық сәйкестілігіне бағдарламалардың, жобалардың және шаралардың тиімділік өлшемі бойынша т а л д а у ж а с а й д ы ;

2) Қазақстан Республикасының - 2030 экологиялық блогінің ұзақ мерзімді дамуының стратегиялық бағдарламалардың, жобалардың және шаралардың тиімділігінің шараларын көтеру негізінде ұсыныстар дайындап және оларды Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне нақты шешім қабылдау үшін ұсынады;

3) бағдарламалардың, жобалардың және шаралардың іске асқаны мен жоспарлануын, мақсатты базаларды қосқанда, банкке мәліметтер ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

4) бағдарламаларға, жобаларға және шараларға жүйелі түрде талдау мен шолу ж а с а й д ы ;

5) бағдарламалардың, жобалардың және шаралардың жүзеге асуына және тиімділігі туралы мәліметтерге көпшілікті тартуды қамтамасыз етеді.

7. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау м и н и с т р л і г і :

1) Қазақстан Республикасының - 2030 экологиялық блогінің ұзақ мерзімді дамуының стратегиясының бағдарламаларды, жобалардың және шаралардың мониторингтерін атқарушыларға мәліметтер ұсынады;

2) қоршаған ортаны қорғаудың орташа және қысқа мерзімдегі іске асқан

мониторинг бағдарламалардың жобалардың және шаралардың жоспарын құрастыруға Тұрақты дамудың ұлттық экология орталығын мәліметтерін п а й д а л а н а д ы ;

3) іс жүзіне асатын бағдарламаларға, жобаларға және шараларға түзетулер енгізуге және олардың жүзеге асуына бақылау жасауды қамтамасыз етіп отыруға ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

8. Қазақстан Республикасының - 2030 экологиялық блогінің ұзақ мерзімді дамуы стратегиясының орындалуы негізінде, Қазақстан Республикасы күшіне енген Заңдарына сәйкес министрліктерде, ведомстволарда, жергілікті атқарушы органдарда, мекемелерде, ұйымдарда, кәсіпорындарда, бағдарламаларды, жобаларды және шараларды жүзеге асыруда және әзірлеуде Қазақстан Республикасы табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі ұ с ы н ы с т а р ы е с к е р і л е д і .

9. Министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті атқарушы органдардың бағдарламаларды, жобаларды және шараларды республикалық немесе жергілікті бюджеттен қаржыландыру тапсырыстары Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен келісілгеннен кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен қабылданады.

О қ ы ғ а н д а р : О м а р б е к о в а А . Т .

Икебаева Ә.Ж.